

Б.С. Доданов, ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты

ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДЕН ТЫС ОРНАЛАСҚАН ОБЪЕКТИЛЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДІ ҚАРАУДАН ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация. Бұл мақалада оқиға болған жерден тыс орналасқан объектілерді зерттеудің ұйымдастырылуы және оның оқиға болған жерді қараудан ерекшелігі қарастырылған.

Түйін сөздер: жедел-ізвестіру қызметі, ішкі істер органдары, Ішкі істер министрлігі, Ішкі істер департаменті, Ішкі істер басқармасы, жедел-ізвестіру шаралары, тергеу бөлімі, криминалды полиция басқармасы, криминалды полиция бөлімі.

Көптеген қылмыстарды ашу мен тергеу үдерісінде жедел көңіл бөлінетін ақпараттың әртүрлі қайнар көздерін іздеу мақсатында іздеу, жедел-ізвестіру шаралары мен тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Оқиға болған жерден тыс орналасқан аймақтарды, бөлмелерді және басқа да объектілерді зерттеуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру қылмыспен күресудегі алатын орнының маңыздылығымен және қылмысты ашу мен тергеу мақсатында жүргізілетін іздеу қызметінде тиімді нәтижелер беру мүмкіндігімен ерекшеленеді. Бүгінгі күнде, іздеу қызметінің аталған маңызды шарасы

Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңының 11 бабының 3, 8 тармақтарында бекітілген¹.

Жергілікті орындарды, бөлмелерді және басқа да аймақтарды зерттеудің өзекті мәселелері бойынша көптеген ғалымдармен ұйымдастырушылық сипаттағы елеулі ұсыныстар жасалғанына тоқтала кеткен жөн. Сонымен, осы шараның заңды бекітілуіне көп деңгейде Д. Мирскийдің ғылыми жұмысы әсеретті, бұл жұмыс нағыз шараны жедел қарау деп атай отырып, жедел-ізвестіру шараларының қатарына қосуға үлес қосты².

Тәжірибелік қызметте нағыз шара іздеу қызметінің басқа да шараларымен және құралдарымен (жауап алумен, қараумен, азаматтарға сұрау жүргізумен, рекогносцировкамен) қатар қолданылады, әсіресе бұл жедел-тергеу топтарымен оқиға болған жерде тергеу іс-қимылдары мен жедел-ізвестіру шараларының кешенін жүзеге асыру барысында анық байқалады. Көптеген қылмыстарды ашу мен тергеу бойынша жүргізілетін шаралар оқиға болған жерге шығудан басталатыны белгілі. Оқиға болған жерді қарауға тергеушімен бірге (кейде, одан да ертерек) жедел қызметкерлердің қатысуы тиімді нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

Бұндай алғашқы іздеу шараларын жүзеге асыру барысындағы тергеушілер мен жедел қызметкерлердің өзара әрекеттесіп қызмет ету қажеттілігін ғалым В. Е. Сидоровтың еңбектерінде кездестіруге болады³.

Сонымен қатар, бұл мәселені А. А. Закатов та талдаған, оның пікірінше, қылмыстық іс жүргізу заңында белгіленген табылған заттар мен объектілерді бекіту талаптарың қатаң сақтау арқылы тергеуші жедел қызметкердің көмегімен оқиға болған жерді қарауды жүзеге асырады. Жедел қызметкерлер куәлар мен ақпараттың болжамды қайнар көздерін анықтауға бағытталған жедел-ізвестіру шараларының кешенін жүзеге асыра отырып, қылмысты «ізін суытпай» ашуға ықпал ететін қоршау сипатындағы шараларды жүргізуге кіріседі⁴.

Қылмыспен күресуде бұл шаралардың көмегімен төмендегідей мәселелер шешімін табуы мүмкін:

1. Қылмыстарды ашуда:

қылмыстың белгілерін, яғни, алғашқы мәліметтерді алу, реттеу және тексеру;

- қылмысқа қандай да бір қатысы бар тұлғалардың шеңберін анықтау;
қылмыс жағдайлары туралы жедел көңіл бөлінетін ақпараттардың қайнар көздерін анықтау;

2. Жасырынып жүрген қылмыскерлерді іздеуде:

- жасырынып жүрген қылмыскерлердің өмір сүру бейнесін анықтау;

қылмыскердің жасырынып жүрген жері туралы жедел көңіл бөлінетін ақпараттардың қайнар

көздерін анықтау;

- қылмыскерлердің нақты жасырынып жатқан орнын анықтау;

3. Хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздеуде:

- хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдардың өмір сүру бейнесін анықтау;

- хабар-ошарсыз жоғалып кеткендерді көрген адамдарды анықтау;

- ізделушілердің хабар-ошарсыз жоғалып кету себептерін анықтау;

- хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдардың орналасу орнын анықтау.

Әрине, жедел қызметкерлердің айқын іс-әрекеттерінің бағыты мен сипаты, көптеген жағдайларда, оқиға болған жерден алынған алғашқы мәліметтерге тәуелді болып келеді. Олардың кейбіреулері жедел қызметкерлермен оқиға куәларына сұрау жүргізуді қолдану арқылы ғана емес, оқиға болған жерден тыс орналасқан аймақтарды зерттеу жолымен де алынуы мүмкін. Бұндай зерттеу оқиға болған жердің жалпы көрінісін бұзбауы және тергеуші жүргізіп жатқан қарауға зиянын келтірмеуі қажет.

Дәл осы мәселеге қатысты кейбір заңгерлердің арасында, біздің ойымызша, бұрыс көзқарас таралған. Мәселен, ғалым Г. А. Александров: «оқиға болған жерді қарау барысында басқа іс-қимылдарға кіріспес бұрын, қараудың объектілігін қамтамасыз ету қажет. Ал, бұл үшін оқиға туралы қандай да болсын ой-тұжырымдарды ұмытып, қалыптасқан жағдайды толық түрде тану арқылы міндетті түрде бекіту қажет және тек қана оқиға болған жерді қарау туралы хаттама бар жағдайда, қылмысты ашу туралы ойлана бастауға болады», — деген пікірін білдіре отырып, болжам тек қана оқиға болған жерді қараудан кейін жиналған және хаттамада бекітілген мәліметтер негізінде пайда болуы мүмкін, ал қарау барысындағы тұжырымдар «мәңгілік емес» болып табылады деп санайды⁵:

Ал Ю. Д. Федоров жедел-ізвестіру шараларын оқиға болған жерді қарауға дейін немесе онымен қатар жүзеге асыру мүмкіндігіне толық түрде қарсылығын білдіреді⁶.

Біздің ойымызша, аталған тұжырымдармен келісу мүмкін емес, себебі болжамдардың (жедел-ізвестіру, іздеу, криминалистикалық және т. б.) пайда болуы, тәжірибенің көрсетуі бойынша, тергеудің алғашқы қадамдарына жатады. Сонымен қатар, болжамдар қылмыс оқиғасы туралы ең алғашқы ақпаратты алу барысында туындап, өз уақытында нақтыланып отырады.

Әрине, оқиға болған жерді қараудың нәтижелерін міндетті түрде бекітіп, объективтілігін қамтамасыз ету қажеттілігіне қарсы шығуға еш негіз жоқ, бірақ хаттама толтырылғанға дейін ешқандай іс-қимыл (іздеу, жедел-ізвестіру, тексеру) жүзеге аспауы қажет деген көзқарастың негізделмегені және тергеуге қарсы әсер ететіні күмәнсіз.

Бұл мәселеге байланысты, А. Р. Ратиновтың: «бұндай талап ойлауға тыйым салынумен тең», - деген пікірі өте орынды⁷.

Қарауды жүзеге асырушы тергеуші мен жедел қызметкерге хаттаманы толық толтырып болғанша, ешқандай болжамдар құру мен басқа да ой-тұжырымдар жасауға тыйым салу мақсатсыз болар. Себебі аталған процессуалдық үдеріс бір беттік хаттама мен бір сағаттық жұмыстан асып кетуі де мүмкін. Ал қылмысты ашу мен тергеу барысындағы кез келген кідіріс қылмыскерге пайдалы жағдай болып табылады. Мінеки, сол себептен, кез келген зерттеуге қойылатын міндетті талаптардың ішінде бағыттылық пен таңдаулық кездеседі.

Зерттеу, жоғарыда айтылғандай, оқиға болған жерді қараумен қатар жүргізіледі, оны алмастырмайды және оған кедергі қылмайды, керісінше, оның объектілігіне және толықтығына оң әсерін тигізеді. Сондықтан, бұл екі ұқсас мақсатты іс-қимылды ажырата білген жөн.

Бұндай бөлектеу, ең алдымен, тергеу іс-қимылының процессуалдық сипатының жергілікті аумақты, бөлмені және басқа объектілерді, сонымен қатар оқиға болған жерден тыс орналасқан аумақтарды зерттеудің процессуалды емес сипатынан қағидалық түрдегі айырмашылығының негізінде көрініс табуы мүмкін.

Криминалистикалық әдебиетте, оқиға болған жерді қарау үдерісі қылмыстық іске маңызды қылмыстың іздері мен басқа да заттай дәлелдемелерді анықтау мен табудан тұратын тергеу іс-қимылдарының қатарында қарастырылады⁸.

Бұл іс-қимыл қылмыстық іс жүргізу заңымен белгіленген және осы негізде өңделген ұйымдастыру-басқарушылық негіздеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Оқиға болған жерді қараудың мақсаты болып іс үшін маңызды қылмыстың іздерін және басқа да заттай дәлелдемелерді табу, қылмыс жағдайларын анықтау табылады.

Зерттеудің мақсаты оқиға болған жерді қараудың мақсатымен бірдей, сонымен қатар, олардың жүзеге асырылу орындары да (жергілікті аумақ, бөлме), объектісі де (іздер, құжаттар, заттар) бір.

В. Колдиннің: «жасалған қылмыстың жағдайын және онымен байланысты заттарды, іздерді, ең алдымен, жалпы жедел-ізвестіру қызметінің, криминалистикалық және тергеу әдістерімен зерттеу қажет», — деген пікірін толық қуаттаймыз⁹.

Ішкі істер органдарымен қылмыстарды ашу мен тергеу үдерісіндегі іздеу қызметінде қалыптасатын күрделі жағдайлардың бірі — әртүрлі себептерге байланысты денесі мен бет-әлпеті қатты зақымданған немесе жанып кеткен, жеке тұлғасы анықталмаған мәйіттердің табылуы. Бұндай жағдайларда, табылған мәйіттің жеке тұлғасын тек қана қаңқа сүйектері бойынша ұқсастыру арқылы анықтау мүмкін. Бұл бағыттағы жұмысты айтарлықтай уақыт РФ ПМ БҒЗИ жанындағы сот-медицина сараптау бюросы атқарып отырды. Қазіргі уақытта, бұл мәселе жеткілікті түрде шешілгенімен, 2006 жылы ҚР ПМ-нің нақты мүмкіндігі шектеліп, елімізде аталған салада дағдыланған мамандардың жоқтығынан, бұл сұрақ көкейкесті мәселе болып шыға келді. Сондықтан, еліміздің құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметкерлері мен іздеу-ізвестіру саласын зерттеуші ғалымдар осы мәселеге молынан көңіл бөле бастады. Н. К. Құсайынов қалыптасқан өзекті мәселені жан-жақты талқылап, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің сот-медициналық сараптау орталығына өз мамандарын табылған мәйіттің жеке тұлғасын қаңқа сүйектері бойынша ұқсастыру әдістеріне қайта дайындаса, қылмыстылықпен күрестегі іздеу-ізвестіру жұмыстарының тиімділігі неғұрлым арта түсетіні туралы тұжырымға келген¹⁰.

Бірақ, оқиға болған жерді қарау мен зерттеу өздерінің құқықтық сипаттары бойынша, сонымен қатар, жүзеге асырылу тактикасы мен нәтижелерін құжаттау бойынша әрқилы. Оқиға болған жерді қарау қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларында бекітілген. Ол қылмыстық іс қозғалған мезеттен соң немесе қозғалар алдында қылмыстық іс жүргізу кодексімен реттелген тәртіпте жүзеге асырылады. Оқиға болған жерді қарау куәгерлердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Оның мақсаты оқиға болған жердегі жағдайды бағалау, іс бойынша қылмыстық іздер мен басқа да дәлелдемелік қызмет атқаруы мүмкін мәліметтерді анықтау және оларды процессуалды түрде бекіту болып табылады. Сонымен қатар, оқиға болған жерді қарау барысында тергеушінің шешімімен айыпталушы, жәбірленуші, сезікті, куә және басқа да тұлғалар қатысуы мүмкін.

Ал тұрғын бөлмелер мен кейбір басқа объектілерді зерттеу барысында тергеушінің алдында күрделірек қиындықтар туындайды, себебі бұл іздеу шарасы «тұрғын үйге қол сұқпаушылық» деп бекітілген конституциялық құқықты шектеумен байланысты.

Тергеушінің тұрғын үйді ашық түрде зерттеу мүмкіндігі жоқ жағдайда, мысалы, жекеменшік несінің рұқсат алынбаса немесе басқа да себептер болса, тергеуші Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңының 7-бабының «б» тармағына сәйкес, жеке тапсырма тағайындап, қылмыстық іс жүргізу заңнамасының 65, 130-баптарын басшылыққа ала отырып, анықтама бөлімінің бастығына бағыттауға құқылы¹¹.

Қылмыстарды ашу мен тергеу жедел-тергеу топтарымен жүзеге асырылып жатқанда, бұндай тапсырма ауызша нысанда болуы мүмкін. Жедел-тергеу тобының мүшесі жедел қызметкер тұрғын үйді зерттеуді құпия тәсілдермен жүзеге асыруға құқылы. Бірақ, құпия түрде жүргізілетін арнаулы жедел-іздістіру, шаралары Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңының 12-бабының 4-тармағына сәйкес, прокурордың рұқсатымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін¹².

Құпия зерттеудің ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылу тактикасы «құпия» және «өте құпия» грифіне ие ведомстволық қалыпты актілермен реттелетін болғандықтан, біз бұл мәселелерді талқылай алмаймыз.

Қалыптасқан жағдайлардың нақтылығына байланысты, зерттеу жиі түрде қылмыстық істің қозғалуына дейін немесе тергеу аяқталғанан соң, оның тоқтатылғанынан кейін және тіпті істің сотта қарастырылу барысында да жүргізілуі мүмкін.

Сонымен, оқиға болған жерді қарау міндетті түрде процессуалдық құжаттың — хаттаманың толтырылуымен жүзеге асырылады. Ал зерттеуде, тәртіпке сай, хаттама толтырылмайды, оның орнына зерттеу нәтижелері анықтама немесе баянат (мәлімдеме) ретінде құжатталады. Кейбір жағдайларда, зерттеу барысына қоғам өкілдері қатыстырылады, демек, жедел қызметкер келешекте оларды куә ретінде қолдануды қажет көреді. Бұл жағдайларда, акт толтырылады да, онда нәтижелер бекітіледі, қатысқан тұлғалардың қолдары көрініс алады.

Жоғарыда талқыланған мәселелерді назарда ұстай отырып, Д. Мирскийдің: «бұндай іс-қимылға (оқиға болған жерден тыс орналасқан аймақтарды, бөлмелерді және басқа да объектілерді зерттеуді ұйымдастыру мен жүзеге асыруға) қатысуға куәларды шақыруға болмайды», — деген пікірін еш қуаттамаймыз¹³.

Себебі зерттеу тек қана оқиға болған жерді қараумен байланысты жүргізілмейтініне көзіміз жетті. Криминалды полиция аппараттарының тәжірибесінде оның қолданылу жағдайлары сан қилы және іздеу шаралары мен тергеу іс-қимылдарының әртүрлі кешендерінің алдарына қойылған міндеттерге тәуелді болып келеді.

¹ Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйегіндегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңы. — Алматы, 2007. — 11-б.

² Мирский Д. Осмотр как следственное действие и как оперативно-розыскное мероприятие // Информационный бюллетень УВД Свердловского облисполкома. — № 1. — 1968. — С. 33-35.

³ Сидоров В. Г. Начальный этап расследования: организация; взаимодействие; тактика. — М., 1992.

⁴ Закатов А. А. О производстве начальных следственных действий. Актуальные вопросы следственной деятельности. — Свердловск, 1990. — С. 52.

⁵ Александров Г. Н. Некоторые вопросы теории криминалистической версии // Вопросы криминалистики. — № 3. — 1962. — С. 9-10.

⁶ Федоров Ю. Д. Осмотр места происшествия при обнаружении трупа с признаками насильственной смерти: Автореф. канд.... юрид. наук. — М., 1965. — С. 7.

⁷ Ратинов А. Р. Судебная психология для следователей. — М., 1967. — С. 18.

⁸ Криминалистика: Учебн. // Под ред. И. Ф. Герасимова, Л. Я. Драпкина. — Екатеринбург, 1990. — С. 464, 240.

⁹ Колдин В. Тактика следственного осмотра // Социалистическая законность. — № 11. — 1972. — С. 63.

¹⁰ Құсайынов Н. К. Издістіру әрекеттерін ұйымдастырудағы мәселелер және қазіргі жағдайын талдау // Хабаршы № 1. — Астана, 2007. — 59-62, 67-71-б.

¹¹ Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйегіндегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңы. — Алматы, 2007. — 11-б.

¹² Бұлда сонда.

¹³ Мирский Д. Указ. раб.

Резюме

В данной статье рассматриваются организационные вопросы исследования объектов, расположенных вне территории места происшествия, в ходе предварительного расследования.

Resume

The given article observes the organizational matters of object investigation placed out of the crime scene.